

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы»

МКҚК басшысы

С. Дәуешова

2024 ж.

«Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мақаласы» республикалық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мақаласы» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасының педагогтері арасында білім саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау және насихаттау, педагогтердің зерттеу қызметіне қызығушылық деңгейін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында, сондай-ақ «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналына (бұдан әрі – «Zertte» журналы) назар аудару үшін өткізіледі.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК білім саласындағы зерттеу және стратегия бөлімі.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың негізгі мақсаты:

- білім саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау және дамыту.
- педагогтер арасында үздік тәжірибелермен алмасуға ықпал ету.
- педагогтердің ғылыми белсенділігі мен кәсіби құзыреттілігін арттыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын анықтау және көтермелеу;
- педагогикадағы өзекті мәселелер мен инновацияларды талқылау үшін платформа құру;
- «Zertte» журналында үздік мақалаларды жариялау.

3. Байқауға қатысушылар


3.1. Байқауға ағымдағы жылы «Zertte» журналында жарияланған мақалалардың барлық авторлары қатыса алады.

3.2. Журналдың төрт санында жарияланған барлық мақалалар автоматты түрде байқауға қатысады.

3.3. Байқауға қатысу ерікті болып табылады және қатысу жарнасын талап етпейді.

4. Байқауды өткізу тәртібі

4.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру алқасы құрылады.



4.2. Байқауға қатысушылардың мақалаларын бағалау үшін қазылар алқасы құрылады

4.3. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезеңде журналда жарияланған мақалаларды алдын ала іріктеу жүзеге асырылады;

- екінші кезеңде білім саласындағы және ғылыми зерттеулер саласындағы сарапшылардан тұратын қазылар алқасы іріктелген мақалаларды қоса берілген Ғылыми-зерттеу мақалаларын бағалауға арналған критерийлерге сәйкес бағалайды (1-қосымша).

Байқауды өткізу мерзімі:

мақалаларды алдын ала іріктеу – 2024 жылғы 20-23 желтоқсан;

қазылар алқасы мүшелерінің жұмыстарды бағалауы – 24-31 желтоқсан 2024 ж.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскерлері жүлделі орындарға үміттеніп алмайды.

5.2. Байқау қорытындысы бойынша мына жүлделі орындар белгіленді:

- I орын

- II орын

- III орын және қазылар алқасының шешімі бойынша қосымша орындар, сондай-ақ номинациялар берілуі мүмкін:

- «Шығармашыл автор»;

- «Жаңашыл автор»;

- «Ізденімпаз автор».

5.3. Байқау жеңімпаздары мен номинанттары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК дипломдарымен марапатталады.

5.4. Байқаудың қалған қатысушыларына қатысуы туралы сертификаттар табысталады.

5.5. Байқау қорытындысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.edu.kz> сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

5.6. Байқау қорытындылары шағымдануға жатпайды.

Ғылыми-зерттеу мақалаларын бағалауға арналған критерийлер

Критерийлер	Өте жақсы (16–20 ұпай)	Жақсы (11–15 ұпай)	Қанағаттанарлық (6–10 ұпай)	Қанағаттанарлықсыз (0–5 ұпай)
Зерттеу мәселесі және өзектілігі	Мәселе нақты тұжырымдалған, бағытталған және жақсы анықталған. Тақырып саладағы заманауи сын-тегеуріндерге сәйкес келеді.	Мәселе тұжырымдалған, бірақ дәлдік немесе фокус жетіспейді. Тақырып өзекті, бірақ ағымдағы мәселелермен байланысы әлсіз.	Мәселе ішінара немесе жеткіліксіз анықталған. Тақырыптың өзектілігі шектеулі немесе ескірген.	Проблема плохо определена или отсутствует. Тема нерелевантна или не связана с областью исследования. Мәселе нашар анықталған немесе жоқ. Маңызды емес тақырып немесе зерттеу саласына байланысты емес.
Әдебиетке шолу	Шолу жан-жақты және тиісті зерттеулерге сыни талдау жасайды. Дереккөздер әртүрлі, өзекті және тақырыппен тікелей байланысты.	Шолу жеткілікті, кейбір сын-ескертүүлери бар. Дереккөздер негізінен өзекті, бірақ әртүрлілігімен немесе өзектілігімен ерекшеленбейді.	Шолу шектеулі, сыни талдауы минималды. Дереккөздер ескірген немесе ішінара сәйкес келеді.	Шолу жеткіліксіз немесе үстірт жазылған. Тиісті дереккөздер аз немесе жоқ.
Әдіснама (сапалық немесе сандық зерттеу)	Әдіснама нақты сипатталған, негізделген және қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Әдістер зерттеу мақсаттарына жету үшін жеткілікті.	Әдіснама сипатталған, бірақ әдістерді негіздеуде немесе қолдануда шамалы кемшіліктер бар.	Әдіснама ішінара зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді. Әдістер толық негізделмеген немесе қателермен қолданылған.	Әдіснамасы жоқ немесе зерттеу міндеттеріне сәйкес келмейді. Әдістері жеткіліксіз.
Деректерді жинау және талдау	Деректер мұқият жинақталған және зерттеу сұрақтарына сәйкес келеді. Талдау жан-жақты, қисынды және дәлелдермен расталған.	Деректер жеткілікті жинақталған, бірақ кішкене олқылықтар бар. Талдау анық, бірақ тереңдігі немесе жеткілікті дәлелді негізі жоқ.	Деректер ішінара жинақталған немесе өзектілігі шектеулі. Талдау үстірт немесе ішінара дәлелдермен расталған.	Деректерді жинақтау толық емес немесе маңызды емес деректер жинақталған. Талдауы жоқ, қисынсыз немесе дәлелдермен расталмаған.

Критерийлер	Өте жақсы (16–20 ұпай)	Жақсы (11–15 ұпай)	Қанағаттанарлық (6–10 ұпай)	Қанағаттанарлықсыз (0–5 ұпай)
Нәтижелер және талқылау	Нәтижелер нақты ұсынылған, зерттеу сұрақтарына тікелей жауап береді және мәселеге байланысты терең түсіндіруді қамтиды.	Нәтижелер ұсынылған, бірақ анық немесе сұрақтармен тығыз байланысты емес. Түсіндіру негізделген, бірақ тереңдігімен ерекшеленбейді.	Нәтижелер толық емес немесе ішінара сұрақтарға сәйкес келеді. Түсіндіру шектеулі немесе проблемамен нашар байланысты.	Нәтижелер түсініксіз, толық емес немесе маңызды емес. Түсіндірмесі жоқ немесе проблемамен байланысты емес.

- Бағалау шкаласы
- Өте жақсы: 80–100 ұпай
- Жақсы: 60–79 ұпай
- Қанағаттанарлық: 40–59 ұпай
- Қанағаттанарлықсыз: кемінде 40 ұпай

